

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК 2025 жылдың 10 айы қорытындысымен ішкі талдаудың талдамалық

Анықтамасы

12 желтоқсан 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының 8 бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2025 жылдың 10 ай қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау:

«Алпамыс» бөбекжай бақшасында жалпы қызметкерлер саны-55. Оның ішінде педагог қызметкерлер саны-26, техникалық қызметкерлер саны-29, бала күтіміндегі қызметкерлер саны- 7.

Басшы-менеджер-1, педагог-шебер-0, педагог-зерттеуші-1, педагог сарапшы-8, педагог модератор-15, санатсыз-1. Жоғары білімді-24, арнаулы орта-2.

Сонымен қатар, балабақшада барлығы 184 бала қамтылған. Кіші топта- 36, ортаңғы топта-50, ересек топта-50, мектепалды топта-48 тәрбиеленуші отыр. 2024-2025 оқу жылында балабақшаның мектепалды топтарынан 1-сыныпқа 48 бала жіберіледі.

Сондай-ақ кадр мәселесіне қатысты бөбекжай бақшаға педагог және техникалық жұмыскерлер қабылданбады.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу:

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39 /НҚ бұйрығының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіміліне сәйкес, көрсетілген мерзімде бөбекжай бақша тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер тіркелген:

1.«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы- «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны-0.

2.Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны- Balabaqsha SmartNation порталы арқылы **54** балаға жолдама алынып, қабылданды.

3.Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны- 5 ұсыныстар тіркелген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Балабақшаға бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ. Бақылау функциялары болған жағдайда көрсетіліп, зерделенуі тиіс.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы бойынша 2025 жылға жалпы қаралған бюджет 179686,1 мың теңге.

2025 жылдың қорытындысы бойынша 179686,1 мың теңге игерілді.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

2025 жылдың 10 ай қорытындысы бойынша бөбекжай бақшада Е-өтініш ақпараттық жүйесінде тіркелген жеке және заңды тұлғадан 2-арыз, 2-ұсыныс, 1-хабар түсті. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәждеделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс. Арыз бен ұсыныстарға байланысты заңның бұл талабына талапқа сәйкес жауап берілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты ұсыныстарға жауап берілгендігі зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Сонымен қатар, аптаның жұмыс күндерінде «Алпамыс» бөбекжай бақшасының меңгерушісінің жеке қабылдау кестесі бар. Алайда жеке қабылдауға жеке тұлғалардан және заңды тұлға өкілдері келіп тіркелмеген.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДБ) және Казна электронды жүйесінде 184 бала, қызметкерлер 54 деп көрсетілген. ES.IAC.ақпараттық жүйесіне өтініш түспеді.

Электронды пошта: alpamys_2010@bk.ru,

Бөбекжай балабақшаның Facebook желісіндегі паракша атауы: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100062922346778>. Бөбекжай балабақшаның сайты: <http://alpamys-land.kz/kz>.

Балабақшаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшада 60 камера оның ішінде сыртқы -22, ішкі-37, газбен жылыту ғимараты (котельная)-1 орналастырылған. Сонымен қатар, дабыл түймешесі "«АБС-Күзет» " ЖШС 2025 жылдың 02 сәуір қаңтарында № 23 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, жабдықталған.

«Күзет қызметі Памир» ЖШС 2025 жылдың 27 ақпанында №12 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, балалар қауіпсіздігі үшін қамтамасыз етілген. **Дауыстық хабарландыру** Құтқарушы.kz 2022 жылдың 06 желтоқсанында № 57 Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша құрылған. Қондырғылардың жарамдылығы мен жұмыс істеу сапасы талаптарға сәйкес.

9)Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Мемлекеттік сатып алу бойынша 9236 мың тенгеге жылдық жоспар жасалды. Барлық келісім-шарт мемлекеттік сатып алу заңдылықты ережелеріне сәйкес түрлі тәсілдермен жасалған.

Бөбекжай бақшасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары негізіндегі талаптар сақталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша толық талдау жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК-нің атқарып келген қызметтерде 2025 жылдың 10

ай қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

**Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК
меңгерушісі:**



Г.Ш.Айтилесова